

Бекітемін

ҚО ББД ОӘО директоры

Г.Қожахметова

« ____ » _____ 20__ жыл

**Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың
«ROBOLAND 2019» V-ші халықаралық фестивалінің
ЕРЕЖЕСІ**

**Қарағанды
2019**

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың «ROBOLAND 2019» халықаралық фестивалі (ары қарай Фестиваль) оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту, оларды инженерлік машықтандыру, робототехника және бағдарламалау білімін дамыту, тәжірибелермен алмасу және мықты командаларды анықтау мақсатында ұйымдастырылады.
- 1.2 Осы Ереже Фестиваль мен оның аясында өтетін жарыстар талабы мен тәртібін анықтайды.
- 1.3 Фестивальдің ресми сайты: www.roboland.kz.

2. Фестивальдің негізгі міндеттері

- 2.1 Роботтарды құрастыру және бағдарламалау, инженерлік ғылым, бағдарламалау және басқа да инновациялық білім беру технологиялары саласында талантты мектеп оқушылары мен студенттерді анықтау және қолдау.
- 2.2 Жастар арасында инженерлік мамандықтар беделін жоғарлату және ғылыми-техникалық шығармашылықты дәріптеу.
- 2.3 Жастардың бойында маңызды инженерлік-техникалық тапсырмалар мен техникамен жұмыстың практикалық шешімдерін дамыту.
- 2.4 Инновация мен жоғарғы технологиялар саласына балалар мен жастардың қызығушылығын арттыру.
- 2.5 Талантты жастарды анықтау, іріктеу және қолдау.
- 2.6 Инновация мен жоғарғы технологиялар саласындағы жастар кәсіпкерлігін ынталандыру.
- 2.7 Білім беру ордаларында ғылыми-техникалық және инженерлік бағыттарды дамытуға ықпал ету.
- 2.8 Мектеп оқушылары, студенттер және олардың жетекшілері үшін көрме және жарыс алаңдарын ұсыну.
- 2.9 Білім берудегі инновациялық технологиялар мәселелері бойынша өзара тәжірибемен алмасу мақсатында оқушылар, студенттер, ұстаздар және білім ұйымдарының жетекшілері үшін қолайлы жағдай жасау.
- 2.10 Фестиваль шеңберінде робототехника, инженерлік ғылым, бағдарламалау саласында ұстаздардың кәсіби дамуын арттыру үшін оқыту семинарларын ұйымдастыру.
- 2.11 Білім берудегі инновациялық технологиялар бойынша кәсіби командалар санын арттыру.

3. Жалпы ережелер

- 3.1 Фестивальді ұйымдастырушы Қарағанды облысының Білім басқармасы болып табылады.
- 3.2 Фестивальді ұйымдастыру және өткізу бойынша барлық жалпы мәселелерді ұйымдастырушы комитет шешеді, оның құрамын Қарағанды облысының Білім басқармасы бекітеді.

- 3.3 Фестивальді тікелей ұйымдастырумен атқарушы дирекция айналысады.
- 3.4 Фестиваль ашық шара болып табылады, онда Қазақстанның барлық өңірінен, және де шетелдік қатысушылар қатыса алады.
- 3.5 Фестиваль бағдарламасында төмендегідей шаралар қарастырылған:
- Мектеп, колледж, ЖОО, жеке компаниялар және басқа да ұйымдар ұсынған инновациялық білім берудегі технологиялар көрмесі;
 - Арнайы алаңдардағы жабдықтар мен технологиялар тұсаукесері;
 - Оқытушылар, білім беру ұйымдарының жетекшілері, қалалық және аудандық білім ұйымдарының әдіскерлері, студенттер, оқышулар мен олардың ата-аналары үшін тақырыптық семинарлар, дәрістер, шеберлік сыныптар;
 - Түрлі жиынтықтар мен платформалар базасында робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар бойынша жарыстар, оның ішінде, Қарағанды облысының қалалары мен аудандарында іріктеу және ақтық жарыстарды өткізу.
 - Ақтық жарыс қатысушылары үшін мәдени және ойын-сауық бағдарламалар;
 - Күнгізбелік жыл бойынша ұйымдастырылатын «Қарағандылық кездесулер» және «RoboLand» жобалары аясындағы шаралар.

4. Фестиваль бағдарламасындағы жарыстар

- 4.1. Фестиваль жарыстары екі кезеңнен тұрады:
- Іріктеу жарыстары және алдын ала іріктеу;
 - Фестивальдің ақтық жарыстары.
- 4.2. Ақтық жарыстар ережесі жеке санаттар бойынша Регламентпен және осы Ережемен реттеледі.
- 4.3. Фестивальдің ақтық жарыстарына енетін санат бойынша іріктеу жарыстарының ережесі Регламентке және Фестиваль ережесіне сай келуі тиіс. Қалған басқа санаттар бойынша іріктеу жарыстарының ережесін оларды ұйымдастырушылар өздері анықтайды.
- 4.4. Команда – робототехника бойынша сабақтарды өткізетін команда жаттықтырушы және оқушылар, студенттер, аспиранттар, жас жұмысшылардан құралған ұжым. Команда құрамында мыналар болуы керек:
- Тренер команды не принимает непосредственного участия в соревнованиях. Жаттықтырушы, ол әрі команда жетекшісі – 18 жастан асқан команда мүшелері, олар командаға әкімшілік жетекшілік етеді, Фестиваль ұйымдастырушылары және басқа да ұйымдар алдында команданы таныстырады, және де команда мүшелерінің өздерін дұрыс ұстауға бақылау жүргізеді. Команда жаттықтырушысы жарыстарға тікелей қатыспайды.
 - Команда капитаны Фестиваль жарыстарында жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін команда мүшелерін бақылайды, команданы төрешілер және басқа командалар алдында таныстырады. Команда мүшелерінің максималды саны әр санат бойынша Регламент пен осы Ереженің №1 Қосымшасына сай көрсетіледі.
- 4.5. Бір жаттықтырушы бірнеше командаға жетекшілік ете алады.
- 4.6. Бір ұйымнан бірнеше команда қатыса алады.

- 4.7. Ақтық жарыстардың әрбір қатысушысы тек бір ғана санат бойынша жарысқа қатыса алады.
- 4.8. Іріктеу жарыстарын ұйымдастырушылар жарыстарға бірнеше санат бойынша қатысушыларды қатыстыра алады.
- 4.9. Ақтық жарыстардың саны мен санат бойынша тізімі жыл сайын қайта қарастырылады.
- 4.10. Іріктеу жарыстарының саны мен олардың санат бойынша тізімін №2 Қосымшаға сай ұйымдастырушылар өздері анықтайды.
- 4.11. Фестиваль аясындағы шаралар оқу жылы бойы қыркүйек пен мамын айлары аралығында өткізіледі. Ақтық жарыстар жыл сайын көктемгі демалыс кезінде ұйымдастырылады.

5. «RoboLand 2019» іріктеу жарыстарын ұйымдастыру

- 5.1. Іріктеу жарыстарына білім ұйымдарының, білім орталықтарының, клубтарының, қоғамдық ұйымдардың командалары, және еш ұйымның атынан емес өздігінен құралған командалар қатыса алады.
- 5.2. Іріктеу жарыстары аудандық, қалалық және облыстық бола алады. Оған дейін білім ұйымдарында алдын ала жарыстар өткізілуі мүмкін.
- 5.3. Қарағанды облысының іріктеу жарыстарын қалалар мен аудандарда білім бөлімдері ұйымдастырады.
- 5.4. Қазақстанның басқа өңірлеріндегі аудан, қала, облыстарда, және шетелдерде іріктеу жарыстарын ұйымдастырушылар тек қана мемлекеттік емес, сонымен қатар қоғамдық немесе жеке ұйымдар бола алады.
- 5.5. Іріктеу жарыстарын өткізу рұқсатын алу үшін ұйымдастырушылар Фестивальдің атқарушы дирекциясына info@roboland.kz ірітек жарыстарын өткізу туралы өтініш жолдаулары тиіс (№6 Қосымша). Атқарушы дирекция бір апталық мерзімде өтінішті қарап, оны құптайды немесе құптамайды. Тек Қарағанды облысының қалалық және аудандық білім басқармалары ғана бұл өтінішті жібермесе болады.
- 5.6. Іріктеу жарыстарын ұйымдастыруға рұқсат алған ұйымдастырушылар төмендегі құқықтарға ие болады:
- Жыл бойы RoboLand логотипі мен фирмалық атауды қолдануға;
 - Қатысушыларды тіркеу және жарыстарды өткізу үшін Фестивальдің бағдарламалық қамсыздандыруын пайдалануға;
 - Белгіленген талаптарға сай Фестивальдің ақтық жарыстарына өз жеңімпаздарын жіберуге;
 - Фестивальдің атқарушы дирекция бекіткен көлемде Фестивальдің жарнамалық өнімін немесе естелік сыйлықтарды алуға;
 - roboland.kz сайты мен Фестивальдің әлеуметтік желілердегі парақшаларында өз жарыстары, үздік оқушылары мен ұстаздары жайлы ақпаратты жариялауға;
 - Фестивальдің атқарушы дирекциясының ақпараттық қолдауын пайдалануға;
 - Іріктеу жарыстарына бас төреші немесе тегін шеберлік сыныптарын өткізу үшін атқарушы дирекцияның құзырлы өкпін шақыруға.
- 5.7. Іріктеу жарыстарын өткізуге рұқсат алған ұйымдастырушылардың міндеті:

- Фестивальдің атқарушы дирекциясына 2019 жылдың 20 қаңтарына дейін жарыстарды өткізу мерзімі және іріктеу жарыстарының санаттар тізімін, сондай-ақ ақтық жарыстарға қатысу үшін таңдалған санаттар жайлы ақпараттарды жіберуге;
 - Іріктеу жарыстарын 2019 жылдың 20-шы қаңтарына дейін өткізуге;
 - Предоставить итоговый отчет в течение недели по окончании соревнований;
 - Фестиваль демеушілерінің логотиптерін жарыстарды өткізу орындарына ілуге.
- 5.8. Іріктеу жарыстарын өткізу тәртібін, тіркеу және жарысқа қатысуды осы Ережеге және Регламентке сай ұйымдастырушылар өздері анықтайды. Іріктеу жарыстарын өткізу үшін ұсынылатын санаттар тізімі *№2 Қосымшада* көрсетілген.
- 5.9. Іріктеу жарыстарын өткізуде міндетті түрде командалардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс, жарыстар бастапқы деңгей қатысушыларын тартумен өткізілуі керек.
- 5.10. Іріктеу жарыстарын өткізу бойынша барлық шығындарды сәйкес білім бөлімдері өздігінен көтереді.
- 5.11. Алдан ала жарыстар нәтижесі бойынша әрбір аудан және қала атынан ақтық жарыстарға қатысатын командалар саны *№3 Қосымшада* көрсетілген.
- 5.12. Іріктеу жарыстарының төрешілер ұжымы Ұйымдастырушылар шешімімен анықталады.

6. «RoboLand 2019» ақтық жарыстарына кәсіби іріктеуді ұйымдастыру

- 6.1. Фестивальдің ақтық жарыстарына іріктеу жарыстарынсыз кәсіби іріктеу негізінде төмендегі командалар қатыса алады:
- Қарағанды облысының облыстық мектептерінің;
 - Қарағанды облысы колледждерінің;
 - Қазақстанның жоғарғы оқу орындарының;
 - Назарбаев зияткерлік мектептерінің;
 - Іріктеу жарыстарын өткізбейтін Қазақстанның басқа өңірлері білім ұйымдарының;
 - Қазақстанның білім орталықтары, клубтары мен қоғамдық ұйымдарының;
 - Шетелдік ұйымдардың;
 - Әлеуметтік немесе қалпына келтіру жобаларына қатысушы командалар.
- 6.2. Кәсіби іріктеулер осы Ереженің *№3* және *№7* Қосымшаларына сай өткізіледі. Кәсіби іріктеуге қатысуға құжаттарды тапсыру мерзімі 2019 жылдың 28-ші ақпанына дейін.

7. «RoboLand 2019» ақтық жарыстарын ұйымдастыру

- 7.1. «RoboLand 2019» ақтық жарыстары 2019 жылдың 29-30 наурызында Қарағанды қаласында өткізіледі. Келу күні – 28 наурыз. Фестиваль финалының қысқаша бағдарламасы *№4 Қосымшада*.
- 7.2. «RoboLand 2019» ақтық жарыстар санаттарының тізімі мен оған өткен командалар саны *№1 Қосымшада* көрсетілген. Ұйымдастырушылар алдын ала ескертусіз қандай да бір санат квоталарын өзгерте алады. Дегенмен, тіркеуден өткен барлық командалар ақтық жарыстарға қатысу құқығына ие болады.

- 7.3. Ақтық жарыстарға қатысуға төмендегі командалар жіберіледі:
- Алдағы жарыстарға қатысу үшін санаттарын белгілеп қойған «RoboLand 2018» фестивалінің жеңімпаздары;
 - Рұқсат етілген командалар санына сай фестивальдің іріктеу жарыстарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері;
 - Кәсіби іріктеуден өткен командалар.
- 7.4. Ақтық жарыстарға қатысушылардың жасы 4 пен 21 жас аралығында. Әрбір санат бойынша нақты жас бойынша топтар Регламентте жазылған және осы Ереженің №1 Қосымшасында көрсетілген.
- 7.5. Әр командада екі жүйелік фильтр, орнатылған бағдарламалық қамсыздандыруы бар ноутбук, қажетті материалдар, бағдарламалар бар дискілер, бөлшектер мен құрылымдар жиынтығы, қосымша батареялар, қуаттандырғыштар мен т.б. болуы керек.
- 7.6. Бағдарламалау тілі: шексіз.
- 7.7. Ұйымдастырушылар осы Ережеге, оның Қосымшалары мен Регламентке кез келген уақытта өзгертулер енгізуге құқылы. Енгізілген өзгертулер туралы Фестиваль басталғанға дейін 10 күн бұрын Фестивальдің ресми сайтында жарияланады.
- 7.8. Ұйымдастырушылар Фестиваль талаптарын бұзған қатысушылар мен командаларды жарыстартан алып тастауға, төрешілер тарапынан қолғабыстар болған жарыс санаттарының нәтижелерін есепке алмауға құқылы.
- 7.9. Ұйымдастырушылар қатысушыға немесе басқа да біреуге өз шешімдерін түсіндірмеуге құқылы.
- 7.10. Барлық құрылғылар мен роботтар ешкімге, еш адамға, басқа роботтарға, құрылғыларға немесе жарыс жолақтарына келдіргі келтірмейтіндей етіп жасалуы тиіс.
- 7.11. Ақтық жарыстарды өткізу кезінде қатысушылар Ұйымдастырушылар ұсынған бейджармен болуы керек. Команданың барлық мүшелері жаттықтырушыны қоспағанда команда атауы немесе логотипі бар бірдей жейделерде болуы керек.
- 7.12. Фестивальға қасытуда қонақтар мен команда мүшелері Фестиваль шаралары аясында түсірілетін фото және видео түсірілдімдерге өз келісімдерін береді, дайын материалдарды ұйымдастырушылар өңделген соң ақарттық немесе жарнамалық мақсаттарды қолдана алады, және де олар қолданыстағы Заңнамаға сай жеке мәліметтерді қолдануға өз келісімдерін береді.
- 7.13. Фестивальге қатысу арқылы команда мүшелері кез келген санатта жеңген робот құрылымдары фестиваль ұйымдастырушылары немесе олардың серіктестері дайындайтын әдістемелік материалдарда қолданылуы мүмкін екеніне өз келісімдерін береді.
- 7.14. Ақтық жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік шараларын Фестиваль ұйымдастырушылары өз мойындарына алады. Жеке қауіпсіздікке, жеке мүлікті және жеке құжаттарды сақтауға қатысты барлық мәселелерді қатысушылар өз еріктерімен шешеді.
- 7.15. Қатысушылар Қауіпсіздік қызметінің талаптарын орындауға міндетті.

7.16. 18 жасқа дейінгі балалар ересектердің бақылауымен немесе жаттықтырушы немесе құзырлы тұлға бақылауымен топ және команда құрамында болуы тиіс.

8. Ақтық жарыстарға жолдама және тіркеу

- 8.1. Іріктеу жарыстарын ұйымдастырушылар фестивальдің атқарушы дирекциясының электронды мекенжайына іріктеу жарыстарын өткізгеннен кейін бір аптадан соң, алайда 2019 жылдың 28-ші ақпанынан кем емес уақытта өткен жарыс туралы есепті және әрбір аудан және қала үшін сай келетін квоталарды ескере ақтық жарыстарға жолданған командалар өтінішін жіберуі керек. Есеп және өтініш үлгілері *№8 Қосымшада* көрсетілген.
- 8.2. Кәсіби іріктеу нәтижесі бойынша ақтық жарыстарға өткен командалардың жаттықтырушылары өз өтініштерін атқарушы дирекцияның электронды мекенжайына 2019 жылдың 5-ші наурызына дейін жөнелтеді. Өтініш үлгісі *№8 Қосымшада* көрсетілген.
- 8.3. Өткен жылы жарыстарда жеңіске жеткен командалардың жаттықтырушылары өз өтініштерін атқарушы дирекцияның электронды мекенжайына 2019 жылдың 1-ші ақпанына дейін жібереді. Өтініш формасы *№8 Қосымшада* көрсетілген.
- 8.4. Фестивальдің атқарушы дирекциясы ақтық жарыстар базасына барлық мәліметтерді енгізіп, ол ақпараттарды www.roboland.kz сайтында жариялайды.
- 8.5. Осыдан кейін, 2019 жылдың 12-ші наурызына дейін команда жаттықтырушыларының мекенжайына ақтық жарыстарға қатысуды Растайтын құжат жіберіледі.
- 8.6. Өтініштер осы Ережеге сай жасалмаса атқарушы дирекция командаларға шақырту жібермеуге құқылы.
- 8.7. Өтініштерді көрсетілген мерзімде жіберуге үлгермеген командалар ақтық жарыстарға жіберілмеуі мүмкін.
- 8.8. Команда келген соң ақтық жарыстарға қатысатын бір ойыншысын ауыстыруға құқылы, алайда бір-ақ адамды. Басқа жағдайларда өзгерістер енгізілмейді.
- 8.9. Ақтық жарыстарға келетін барлық командалар тіркеуден өтуі керек. Әр команданың жаттықтырушысы жарыс хатшылығына қағаз түрінде ақпараттарды ұсынуы тиіс:
 - Қатысу өтінішін, онда команданың әр мүшесінің аты-жөні, оның ЖСН, туған күні, оқу немесе жұмыс орны, жәнеде кәмелет жасқа толмаған қатысушыларды алып жүруші адам жайлы мәліметтер болуы керек. Өтініш команданы жіберіп отырған ұйымның құзырлы өкілінің қолы және ұйым мөрімен расталуы тиіс;
 - Жеке мәліметтерді өңдеуге қатысты қатысушының өкілі немесе кәмелет жасқа толған болса қатысушының өзінің қолы қойылған келісім болуы керек. Бұл құжаттардың үлгісі осы Ереженің *№8 Қосымшасында* көрсетілген.
- 8.10. Тіркелу кезінде тіркеушіге ұсыну үшін жарысқа қатысушылар мен олардың жаттықтырушыларда өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс.
- 8.11. Өздерімен бірге талап етілген Құжаттар болмағандар жарысқа қатыстырылмайды.

9. Ақтық жарыстардың төрешілер алқасы

- 9.1. Ақтық жарыстардың төрешілер алқасын жарысты ұйымдастырушылар белгілейді, оның ішінде төрешілер алқасының 40-тан (қырықтан) кем емес пайызы Қарағанды облысынан емес болуы қажет.
- 9.2. Жарыстың бас төрешісі мен сарапшыларда халықаралық жарыстарда тәжірибе болуы керек және олар қойылатын кәсіби талаптарға сай болуы тиіс.
- 9.3. Төрешілер алқасы мүшелері үш күнде тегін жатын орынмен, тамақпен қаматасыз етіледі, жәнеде жарыс өтетін жерге келіп-кетудің жолақысы төленеді.
- 9.4. Төрешілер алқасының жұмысы Төрешілік туралы Ережеге сай қйымдастырылады, оны фестивальді ұйымдастырушы бекітеді.
- 9.5. Команда жаттықтырушысы өз командасы қатысатын жарыс санатында төрешісі немесе хатшы бола алмайды.
- 9.6. Бақылау мен нәтижелерді шығаруды Бас төреші төрешілер алқасымен ақылдаса келе жарыстың әр нақты санатына бойынша Регламентке сай шешім шығарады.
- 9.7. Төрешілерге жарыс уақытында басымдықтар беріледі. Қатысушылар олардың шешіміне көнулері тиіс.
- 9.8. Төрешілер шешіміне қатысты қандай да бір шағымдар пайда болған жағдайда команда өз шағымын Атқарушы дирекцияға келесі раунд басталғанға дейін ауызша жеткізуге құқылы.
- 9.9. Ерекше жағдайларда шешім қабылдау үшін Атқарушы дирекциясының тағайындауымен уақытша бірнеше төрешілерден жасақталған алқа құрылады. Төрешілер алқасының шешімі қайта қаралмайды.
- 9.10. Робот қандай да бір нәрсенің кесіренен өз жолын ары қарай жалғастыра аламаса, немесе ойын алаңының дұрыс болмауы салдарынан қиыншылықтар туындаса, не болмаса төрешілер алқасы жіберген қателіктерге қатысты ойын ары қарай жалғаспаса, төрешілер шешімімен ойын қайта ойлануы мүмкін, алайда бірінші раунд аяқталғана дейін ғана.
- 9.11. Робот 15 секунд ішінде қозғалыссыз тұрып қалса төреші жарысты тоқтатуға құқылы.
- 9.12. Төрешілер хаттамаларды электронды, басылым немесе «қолмен жазуға» құқылы. Мұндай хаттамалардың әрбірі төрешілер алқасы қол қойған соң күшіне енеді.

10. Қаржыландыру

- 10.1. Фестивальдің ақтық жарыстарын дайындау және өткізу бойынша барлық шығындарды оны Ұйымдастырушылар көтереді.
- 10.2. Фестивальді ұйымдастыру және сыйлық қорын құру үшін демеушілер тартылуы мүмкін.
- 10.3. Ақтық жарыстарға қатысушылар мен олардың жаттықтырушыларына жарыс кезінде тегін жатын орын ұсынылады.
- 10.4. Қатысушылар мен олардың команда өкілдерінің (жаттықтырушыларының) Қарағандыға келу және кету бойынша жол шығынын, және де тұру әрі тамақтану бойынша төлемдер жіберуші ұйым есебінен жүргізіледі.

10.5. Фестивальді ұйымдастырушылар кестеге сай командаларды олардың Қарағандыда қоныстанған жерінен егер ол жерге Ұйымдастырушылар қоныстандырса, жарыстар өтетін жерге дейін және кері жеткізеді. Басқа жерге орналасқан және кестеден тыс командалардың қатысушылары жарыс өтетін орындарға және кері өздері барып қайтады.

11. Қорытындыларды шығару және марапаттау

11.1. Фестивальді ұйымдастырушылар мен демеушілер сыйлық қорын құрады.

11.2. Әр санаттағы жеңімпаз команда робототехника жиынтығымен, жәнede кубок және дипломмен марапатталады. Команда қатысушылары 1 орын медалімен, бағалы сыйлықтармен және дипломдармен марапатталады. Жаттықтырушы 1 орын медалімен және дипломмен марапатталады.

11.3. Әр санатта 2 және 3 орын алған командалар кубок және дипломмен марапатталады. 2 және 3 орын алған командада қатысушыларына 2-3 орын медальдарымен, бағалық сыйлықтармен және дипломдармен марапатталады. Команда жаттықтырушылары медальмен және дипломмен марапатталады.

11.4. Фестиваль демеушілері мен серіктестері өз арнайы сыйлықтарын ұсына алады.

12. Кері байланыс

Тел/факс: +7 (7212) 41 51 94, ұялы: +7 705 203 28 28. WhatsApp: +7 705 203 28 28.
E-mail: info@roboland.kz. Сайт: www.roboland.kz